

# Құрылыстың сметалық құны

---

- Құрылыстың сметалық құны — жобаланған материалдар негізінде анықталған ақша-қаражат сомасының жиынтығы. Құрылыстың сметалық құмы құрылысқа салынған инвестициялар мөлшерін анықтауға, құрылыс өнімдеріне бағалардың қалыптасуына, мердігерлік келісім-шартты құру мақсатында тапсырыс берушіге мердігерлік құрылыс қызметтерін сатып алуды жүзеге асыруға, орындаған мердігерлік жұмыс бойынша Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес есеп айырысудың негізі болып табылады.

# Сметалық құжаттар

- 1. Құрылыстың объектісі — жеке ғимараттар (өндірістік цех, қойма, тұрғын үй және т.б.), оған жататын барлық құралдар, жиһаздар және қосалқы бөлшектер.
- 2. Өндірістік құрылыс немесе тұрғын үй кешенінің құрылыс объектілеріне: сыртқы қосалқы құрылыс жайлары (сумен, газбен, электр энергиясымен, жылумен қамтамасыз ету, канализация), кіре беріс (подъезд) жолдары, басқа да қоғамдық жұмыстар жатады.

- Кейбір құрылыс түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты құрылыс объектілеріне кіретін ғимараттар мен құрылыс жайлары төмендегідей қарастырылады:
- — мұнай және газ өнеркәсібінде — мұнай немесе газ скважинасы (эксплуатациялық немесе барлау), оған жататын барлық құралдар, қосымша құрылыс жайлар мен жұмыстар;
- — көмір және тау-кен өнеркәсібінде — өткел мен тау өнімдерінің құралдары және жер асты шахтасының құрылыс жайлары;
- — орман және ағаш өңдеу өнеркәсібінде — ағаштарды іріктеу бойынша участок;
- — су шаруашылығында — жерлерді суландыру мен құрғату арқылы жердің құнарлылығын арттырумен байланысты барлық жұмыс түрлері;
- — темір жол құрылысында — темір жол төсемі (полотно), байланыс желілері, ДО (дабылдық орталықтандыру, блокировка), энергиямен қамтамасыз ету.
- — көлік құрылысында — көлік жол төсемі, су құбырлары және басқа да құрылыс жайлары.
- Желілік құрылыстың (темір және көлік жолдары, магистральді еткізгіш құбырлар, электр және байланыс желілері) объектісі ретінде бір участоктың шегіндегі ғимараттар мен құрылыс жайлары қарастырылады.

- Жобаның құрамындағы сметалық құжаттамаға түсініктеме жазбалар ұсынылады, онда келесілер көрсетіледі:
- — құрылыс орналасқан ауданға сілтеме;
- — құжаттарға сәйкес дайындалатын сметалық құжаттамаға сілтеме;
- — басқа да шығындарды құрастыруға негіздеме.
- Сметалық құжаттамаларды құрғанда сметалық-нормативтік негіз (база) қолданылады, онда құрылыс қызметкерлеріне еңбекақыны берумен байланысты шығындар, материалдық-техникалық ресурстық бағалары мен тарифтері және құрылыс саласында көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер тіркелген.
- Құрылыстың сметалық құжаттамасындағы сметалық құны базистік-индекстік әдіспен анықталады. Құрылыстың сметалық құнын анықтайтын базистік-индекстік әдіс ағымдағы индекстің 2001 жылғы базистік деңгейде анықталған құнға қатынасын пайдалануға негізделген.

- Құрылыстың сметалық құнын анықтаудың негіздері:
- — қолданылып жүрген заңдар;
- — қолданылып жүрген сметалық нормативтер (нормалар мен бағалар);
- — жобалық құжаттама.
- Құрылыстың сметалық құны инвестициялардың құрамына және құрылыс-монтаж қызметін жоспарлау тәртібіне сәйкес келесі жұмыс пен шығындардың түрлері бойынша бөлінеді:
- — құрылыс-монтаж жұмыстары;
- — технологиялық құралдарды, бұйымдар мен жиһаздарды сатып алумен байланысты шығындар;
- — басқа да шығындар.